ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Мұнай өнімдері
АВТОМОБИЛЬ ЖӘНЕ ӘУЕ ЖАНАРМАЙЫНЫҢ ТҰТАНУҒА ТӨЗІМДІЛІГІН АНЫҚТАУ МОТОРЛЫҚ ӘДІС

Нефтепродукты
ОПРЕДЕЛЕНИЕ ДЕТОНАЦИОННОЙ СТОЙКОСТИ АВТОМОБИЛЬНОГО И АВИАЦИОННОГО ТОПЛИВА МОТОРНЫЙ МЕТОД

ҚР СТ ИСО 5163-2008

(ISO 5163 Petroleum products – Determination of knock characteristics of motor and aviation fuels (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Мұнай өнімдері

АВТОМОБИЛЬ ЖӘНЕ ӘУЕ ЖАНАРМАЙЫНЫҢ ТҰТАНУҒА ТӨЗІМДІЛІГІН АНЫҚТАУ

МОТОРЛЫҚ ӘДІС

ҚР СТ ИСО 5163-2008
(ISO 5163 Petroleum products – Determination of knock characteristics of motor and aviation fuels (IDT)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы негізінде стандарттау жөніндегі ТК 65 «Автомобиль көлігі» техникалық комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2008 жылғы 30 желтоқсандағы № 674-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт ISO 5163:1990 «Petroleum products – Determination of knock characteristics of motor and aviation fuels. Motor method» (ИСО 5163:1990 «Мұнай өнімдері. Автомобиль және әуе жанармайының тұтануға төзімділігін анықтау. Моторлық әдіс») халықаралық стандартына қатысты балама.

ISO 5163:1990 халықаралық стандартын халықаралық стандарттау жөніндегі ұйымның (ISO) «Мұнай өнімдері және майлау материалдары» ISO/ТК 28 техникалық комитеті әзірледі.

Ағылшын тілінен (en) аударылды

Сәйкестік дәрежесі – балама.

Осы стандартты қолдану барысында сілтеме халықаралық (өңірлік) стандарттардың орнына, мәліметтері А қосымшасында берілген, оларға сәйкестендірілген мемлекеттік және (немесе) мемлекетаралық стандарттарды қолдану ұсынылған.

ISO 5163:1990 халықаралық стандартының «Қолданылу саласы» бөліміндегі жұмыс қауіпсіздігі туралы ескертпе ҚР СТ 1.5-2004 «Стандарттардың құрылуына, мазмұндалуына, дайындалуы мен құрамына қойылатын жалпы талаптар» талаптарына сәйкес қосымша «Қауіпсіздік» туралы 12-бөлімге көшірілді.

Қазақстан Республикасы экономикасының мүддесі мен Қазақстанның мемлекеттік стандарттау ерекшеліктері үшін осы стандарт мәтініне енгізілген қосымша материалдар, сондай-ақ ИСО 5163:1990 стандартынан өзгеше құрама элементтері мәтінде көлбеу қаріппен ерекшеленген.

Осы стандарттағы өзгертулер жайлы мәліметтер «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» сілтемесінде, ал мәтіні – айлық «Мемлекеттік стандарттар» мәліметтік сілтемесінде жарияланады. Берілген стандартты қайта қарау (жою) немесе өзгерткен жағдайда сәйкес ақпарат «Мемлекеттік стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2013 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарт ресми басылым ретінде Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз толықтай немесе жартылай шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	2
3	Терминдер және анықтамалар	2
4	Әдістің мәні	3
5	Реактивтер мен материалдар	4
6	Аппаратура	5
7	Сынамаларды іріктеу және оларды сынауға дайындау	6
8	Қозғалтқыштар мен құралдардың негізгі келтірулері және пайдаланудың стандартты шарттары	6
9	Бөліктеу және қозғалтқыш жарамдылығын тексеру	11
10	Әдістеме	14
11	Есептеу	16
12	Нәтижелерді өңдеу	17
13	Дәлдік	17
14	Сынау хаттамасы	18
15	Қауіпсіздік	19
	А қосымшасы (анықтамалық) Мемлекеттік стандарттардың сілтеме халықаралық өңірлік стандарттарға сәйкестігі туралы мәліметтер	20
	Б қосымшасы (анықтамалық) Библиография	21

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Мұнай өнімдері

АВТОМОБИЛЬ ЖӘНЕ ӘУЕ ЖАНАРМАЙЫНЫҢ ТҰТАНУҒА ТӨЗІМДІЛІГІН АНЫҚТАУ МОТОРЛЫҚ ӘДІС

Енгізілген күні 2009-07-01

1 Қолданылу саласы

Осы әдісті Стандартты сынау әдісі ретінде D 2700-02a «ASTM International» компаниясын жариялады. Жабдықтар бойынша ақпарат ASTM D 2700-01a қосымшалары мен толықтыруларында, «Annual Book of ASTM Standards, Section 5»1) берілген.

Осы стандарт ұшқынды жанатын қозғалтқыштардың сұйық жанармайларының атаулы сипаттамаларын октанды сандардың еркін шкаласының көмегімен белгілейді, бұл кезде тұрақты жылдамдықпен жұмыс жасайтын бір цилиндрлік, төрт тактылы, карбюраторлы, қысудың айнымалы дәрежесі бар CFR (Отындарды зерттеу бойынша біріктірілген комитет) *қозғалтқышы немесе тұрақты жылдамдықпен жұмыс істейтін УИТ-85М түрдегі қозғалтқышы* қолданады.

1 *ескерту* - CFR типті қозғалтқыштардың, оларға бақылау-өлшеу аспаптарының негізгі өндірушісі және оларды жүзеге асыру мен техникалық қызмет көрсету бойынша мүдделі ұйым Waukesha Engine, Dresser, Inc. Мекемесі болып табылады, ол 1000 West St. Paul Avenue, Waukesha, WI 53188, USA мекен-жайы бойынша орналасқан

2 ескерту - УИТ типті қозғалтқыштар Савеловскінің машинажасау зауытымен шығарылады және жеткізіледі, оның мекен-жайы: Ресей, 171510, Тверск облысының Кимры қ., 50 жыл ВЛКСМ, 101 үй, 1 ғ. (ГОСТ Р 52946-2008 қараңыз).

Моторлы октанды сан (MON) автомобильді қозғалтқыштардағы моторлы жанармайлардың тұтану сипаттамасының қағидаларын пайдаланудың *жоғары салмақтағы* шартында қарастырады. Моторлы октанды сан әуелік піспекті қозғалтқыштардағы әуе жанармайларының тұтану сипаттамаларының қағидасы болып табылады. Корреляцияның алынған теңдеулерімен октанды сан немесе бензиннің октанды санын әуелік әдіс бойынша анықтайды (біріктірілген қоспалар үшін әуелік октанды сан).

Осы стандарт шкаланың барлық ауқымына 0 MON-нан 120 MON–ға дейін таралады, бірақ жұмысшы ауқым 40 MON-нан 120 MON-ға дейінгі шекте орналасқан.

Осы стандарт 4,0 %-ға дейінгі (салмағы бойынша) оттегіні құрайтын оттегімен қанықкан жанармайларда таралуы мүмкін.

Ауаны сапа шартына сай келтіру жабдықтарында қолданылған, CFR қозғалтқышының орналасу аймағында табылатын белгілі газдар мен булар, мысалы, галоген құрауыш хладагенттер MON-ға өлшеуіш әсерін тигізуі мүмкін. Сонымен қатар MON мәндеріне белгіленбеген кернеу немесе электр тогы жиілігінің шашырамдары мен қажаулары әсерін тигізуі мүмкін.

Ескертпе 1 Осы стандарт жұмысшы шарттарды ӨҚ бірлігі бойынша белгілейді, алайда, қозғалтқыштарға жататын өлшеулер дюйм-фунт бірліктерінде келтіріледі, себебі өлшеудің берілген бірліктері нұсқалаған жабдықты дайындау кезінде қолданылады, сондықтан осы стандарттардағы сілтемелер дөңгелек жақшаларда келтірілген бірліктерден тұрады.

Ескертпе 2 Осы стандарттың мақсатына байланысты «% (салмағы бойынша)» және «% (көлемі бойынша)» белгіленулері өнімнің салмақтық және көлемдік бөліктерін білдіреді.

[1)] Осы стандарттың көшірмесін тікелей баспадан келесі мекен-жай бойынша алуға болады: ASTM International, 100 Barr Harbor Drive, West Conshohocken, PA 19428-2959, USA, telephone: + 1 610-832-9585, fax: + 1 610-832-9555, e-mail: @astm.org, website: gost.e-ecolog.ru

[2)] *Сынау кезіндегі қозғалтқыш жылдамдығы (900±9) айн/мин құрайды.*

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты (құжатты) қолдану үшін мынадай сілтеме құжаттар қажет. Күні белгіленген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың тек қана көрсетілген басылымын қолданады, күні белгіленбеген сілтемелер үшін сілтемелік құжаттың (өзгертулерімен қоса) соңғы басылымын қолданады.

ҚР СТ 1.9-2007 Халықаралық, өңірлік және шетел мемлекеттерінің ұлттық стандарттарын, өзге де стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды Қазақстан Республикасында қолдану тәртібі.

ҚР СТ ИСО 3170-2006 «Мұнай және мұнай өнімдері. Сынамаларды іріктеудің әдістері».

ҚР СТ ИСО 3171:2007 «Мұнай өнімдері. Сұйық көмірсутектері. Құбыржолдарынан сынамаларды автоматты түрде іріктеу».

ASTM D 2700-01 a «Ұшқынды тұтанатын қозғалтқыштар үшін отынның моторлық октанды санын анықтауға арналған сынаудың стандартты әдісі»

ИСО 3170:2004 «Сұйық мұнай өнімдері. Сынамаларды қолмен іріктеу»

ИСО 3171:1998 «Сұйық мұнай өнімдері. Құбыржолынан сынамаларды автоматты түрде іріктеу»

ИСО 3696:1987 «Зертханалық талдауға арналған су. Техникалық талаптар және сынау әдістері».

ИСО 4787:1984 «Зертханалық шыны ыдыс. Өлшемді шыны ыдыс. Қолдану әдісі және сыйысымдылықты бақылау».

ГОСТ Р 52946-2008 (ЕН ИСО 5163-2005) Мотор майларының және авиациялық отындардың тұтанғыштық қасиеттерін анықтау. Моторлық әдіс[1)]

3 Терминдер және анықтамалар

Осы стандартта сәйкес терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

3.1 Бақылау жанармайы (check fuel): MON-да көрсетілген эталондық мәні бар, берілген сипаттамадағы, әртүрлі зертханаларда көп қозғалтқыштық құрылымдарды сынаудың дөңгелектеп салыстыру барысында анықталған жанармай.

3.2 Цилиндр биіктігі (cylinder height): CFR қозғалтқышының жоғарғы өлі нүктедегі (t.d.c.) немесе картердің жоғарғы механикалық өңделген бетіндегі піспекке қатысты цилиндрдің тік орналасуы.

3.3 Циферблатты нұсқағыш көрсеткіші (dial indicator reading): Қысу қысымын алу үшін орнатылған, қозғалтқыш қысу дәрежесінде жұмыс жасау кезінде негізгі келтіру бойынша индекстелген цилиндр биіктігінің сандық көрсеткіші.

Ескертпе: Циферблатты нұсқағыштың көрсеткіші дюймнің мыңнан бір бөлігімен сипатталады.

3.4 Сандық есептеуіш көрсеткіші (digital counter reading): Қысу қысымын алу үшін орнатылған, қозғалтқыш қысу дәрежесінде жұмыс жасау кезінде негізгі келтіру бойынша индекстелген цилиндр биіктігінің сандық көрсеткіші.

3.5 Детонометр (detonation meter): Тұтану сигналын қабылдауға арналған құрал, ол тұтану құрылғысынан электр сигналын қабылдайды және есептеу үшін шығу сигналын көрсетеді.

3.6 Тұтану бергіші (detonation pickup): Магнитострикционды типті түрлендіргіш, ол жану камерасының қысымын анықтау мен цилиндр қысымының электр сигналының өзгеру жылдамдығына пропорционал электр сигналын қамтамасыз ету үшін қозғалтқыш цилиндріне бұралады.

[1)] ҚР СТ 1.9 сәйкес қолданылады

3.7 Тұтану жұмысы (firing): Жанудан болған жанармайдағы қозғалтқыш жұмысы.

3.8 Тұтанудың максималды қарқындылығы үшін жұмысшы немесе жанармай-әуелік қоспалары құрамбірліктерінің қатынасы (fuel-air ratio for maximum knock intensity) әрбір жанармай үшін тұтанудың үлкен қарқындылығын туғызатын жанармайдың ауаға пропорционалды қатынасы.

3.9 Анықтамалық кесте (guide table): CFR қозғалтқышына арналған биіктік және октанды сан арасындағы стандартты тұтану қарқындылығы мен берілген барометрлік қысым кезінде жұмыс жасайтын спецификалық тәуелділіктегі кестеге түсірілген мәліметтер.

3.10 Тұтану (knock): Жанармай-әуелік қоспаның өздігінен жануымен туған жиі дыбыс беруші жанармайдың аномальді жануы.

3.11 Тұтану қарқындылығы (knock intensity): Қозғалтқыш тұтануының қағидалары.

3.12 Тұтану қарқындылығының бергіші (knock meter): 0-ден 100-ге дейін бөліну шкалалары бар құрал, ол тұтану құрылғысынан тұтану қарқындылығының сигналын көрсетіп отырады.

3.13 Біріктірілген қоспалар үшін әуелік октанды сан (lean mixture aviation rating): Жұмысшы немесе жанармай-әуелік құрамбірліктерінің біріктірілген қоспасының қатынасы кезінде әуелік піспекті қозғалтқышта жұмыс жасайтын жанармай үшін тұтану кедергісінің көрсеткіші.

3.14 Жұмыстың моторлы режимі (motoring): Сөндірілген қызумен қозғалтқыштың жанармайсыз жұмыс жасауы.

3.15 Моторлы октанды сан MON (motor octane number MON): Осы стандартта белгіленген шарттар бойынша жұмыс жасайтын CFR стандартты қозғалтқышын сынау кезіндегі тұтану қарқындылығының белгілі моторлы октанды санның біріншілік эталондық жанармайлар тұтануының қарқындылығымен салыстыру жолымен алынған жанармай үшін тұтану кедергісінің сандық атаулы параметрі.

3.16 Қышқылдандырғыш (oxygenate): Оттегіні құрайтын органикалық қосылыс, мысалы, жанармай немесе жанармайлық қосымша ретінде қолданылатын әртүрлі спирттер немесе қарапайым эфирлер.

3.17 Біріншілік эталондық жанармай (PRF primary reference fuel PRF): 2,2,4-триметилпентан (изооктан), гептан, изооктанның гептанмен бірге көлемді пропорционалдық қоспалары немесе изооктандағы тетраэтилқорғасынның қоспалары, олар октандық санның шкаласын анықтайды.

3.18 Шашылу (spread): Тұтанудың қарқындылық құрылғысының октандық санға бөлінуімен сипатталған *детонометрдің* сезімталдығы.

3.19 TSF қоспасының толуолы негізіндегі стандарттық жанармай (toluene standardization fuel blend TSF blend): Екі немесе одан да көп заттардың көлемдік пропорционалдық қоспасы, мысалы, MON-ның шекті бастапқы мәнінен және берілген номиналды шақтамадан тұратын эталондық жанармай сортының толуолы, гептан және изооктан болуы мүмкін.

4 Әдістің мәні

CFR немесе УИТ-85М қозғалтқышында, оның тұтануын күшейтетін жұмысшы қоспасы құрамбірліктерінің қатынасымен қолданылатын эталондық жанармайды біріншілік эталондық жанармай қоспаларымен салыстырады, бұл жағдаймен тұтануды

---

[1] *Бұл жерде және әрі қарай УИТ – 85 М типті қозғалтқыштарға қатысты ақпарат ГОСТ Р 52947-2008 (ЕН ИСО 5164:2005) негізінде беріледі.*

күшейткіш жұмысшы қоспасы құрамбірліктерінің қосылысы кезінде қолданылатын қоспаның, екі жанармайда да дәл сондай қысу дәрежесімен сынау кезінде, тұтанудың дәл сондай стандарттық қарқындылығын бере алу - алмайтындығын анықтайды. Біріншілік эталондық жанармайдан қоспаның көлемдік құрамын оның октандық саны сияқты анықтайды, эталондық жанармайдың октандық саны да дәл солай орындалады.

5 Реактивтер мен материалдар

5.1 ISO 3696:1987 бойынша 3–сортқа сәйкес, судан құралған цилиндр **қаптамаға арналған салқындатқыш құрам**. Су цилиндр қаптамасында қайнаудың қорытынды температурасы (100 °С ± 2) °С-ді құрайтын зертхана орындарында қолданылуы қажет. Қайнау температурасының талабына сәйкес, жеткілікті көлемде қосылған, гликоль негізіндегі техникалық антифризді су сәйкес биіктікте орналасқан зертханаларда қолданылуы қажет.

Суды өңдеуге арналған техникалық бірнеше атқарымды зат салқындатқыш сұйықтыққа жылу беріліс пен октандық санды анықтаудағы нәтижелерді өзгертіп жібере алатын жегі және минералды қақтарды азайту барысында қосылуы қажет.

5.2 Су немесе су мен антифриз қоспасынан тұратын **карбюратордың салқындатқыш** сұйықтығы көпіршіктердің түзілуін алдын алу үшін салқындатылуы жеткілікті, бірақ 0,6 °С-ден төмен, не 10 °С.-ден жылы болмауы тиіс.

5.3 **Қозғалтқыш картеріне арналған май** SF/CD немесе SG/CE пайдалану жіктегішіне жауап беретін SAE 30 тұтқырлық май сортынан тұрады.

Ол жуғыш қосымнан құралуы қажет, 100°С температурада 9,3 мм2/с-тан 12,5 мм2/с-қа дейін кинематикалық тұтқырлыққа ие болуы тиіс, сонымен қатар тұтқырлық көрсеткіші 85-тен кем болмауы керек. Тұтқырлық коэффициентін өзгертетін қосымша немесе қосымнан құралған майлар, барлық мерзімді майлар қолданылмауы тиіс.

УИТ-85М қозғалтқыштары үшін ГОСТ 21743 бойынша МС-20 майын қолдану керек.

5.4 99,75 % (көлемі бойынша) минималды жиіліктегі, 0,10 % (көлемі бойынша) гептан мен 0,5 мг/л қорғасынды құрайтын изооктандық **біріншілік эталондық жанармай**. Бұл зат 100 MON сияқты белгіленуі тиіс.

Ескертпе Заттардың аттестатталған стандарттық үлгілері, мысалы, CRM IRMM-442 және NIST SRM 1816a сатылымда бар.

5.5 99,75 % (көлемі бойынша) минималды жиіліктегі, 0,10 % (көлемі бойынша) изооктан мен 0,5 мг/л қорғасынды құрайтын **гептандық біріншілік эталондық жанармай**. Бұл зат 0 MON сияқты белгіленуі тиіс

Ескертпе Заттардың аттестатталған стандарттық үлгілері, мысалы, CRM IRMM-441 және NIST SRM 1815a сатылымда бар.

5.6 Изооктандық сортты эталондық жанармай (5.4) мен гептанды қолданумен дайындалған 80-октандық **біріншілік эталондық жанармай қоспасы**; бұл қоспа көлемі бойынша (80 ± 0,1) % изооктанды құрауы тиіс.

Ескертпе ASTM D 2700-01a, A5 (эталондық жанармайларды араластыру кестесі) қосымшасы берілген MON мәніне сәйкес біріншілік эталондық жанармай қоспасының дайындалуына қатысты ақпаратты келтіреді.

5.7 70 % *(көлемі бойынша)* ксилем мен 30 % *(көлемі бойынша)* гептаннан құралған көмірсутектік сұйылтқыштағы әуелік қоспа тетраэтилқорғасынының тұтануға қарсы қосылыс еріткішінен тұратын, сұйылтылған (TEL сұйылтылған көлем негізінде) **тетраэтилқорғасын**.

Тұтануға қарсы қосылыс (18,23% ± 0,05) *(салмағы бойынша)* тетраэтилқорғасынды құрауы тиіс, 15,6 °С температурада 0,957-ден 0,967-ге дейін салыстырмалы тығыздыққа ие болуы керек.

Ескертпе: Тетраэтилқорғасынды құрамайтын қосылыстың типтік химиялық құрамы келесі болып табылады:

Этилендибромид (күюге қарсы қосым)	10,6	(салмағы бойынша)
Сұйылтқыш: (салмағы бойынша)		
ксилем	52,5	
гептан	17,8	
бояғыш, антиоксидант және инертті газдар	0,87	

5.8 100 MON-нан жоғары номиналды сипаттамаларға арналған **біріншілік эталондық жанармайдың қоспалары**, олар 400 мл изооктан (5.4) көлеміне миллиметрлік көлемде сұйылтылған тетраэтилқорғасынды (5.7) қосу жолымен дайындалған. Осы қоспалар MON шкаласын 100-ден жоғары анықтайды.

Ескертпе ASTM D 2700-01a стандарты, А5 қосымшасы (эталондық жанармайларды араластыру кестесі) изооктанда тетраэтилқорғасын қоспалары үшін MON шамаларын келтіреді.

5.9 **Толуол (метилбензол)**, 99,5 % (көлемі бойынша) минималды жиіліктегі эталондық жанармай сорты, ол хроматографиялық анализдің қолданылуымен, 5 мг/кг–нан жоғары емес тотық санымен, және 200 мг/кг-нан аспайтын су құрамымен анықталады.

Антиоксидантпен өңдеу жабдықтаушымен ұзақмерзімді тұрақтылыққа сәйкес параметрлерде және эмпирикалық анықталған антиоксидант жабдықтаушысының көмегімен келтірілуі тиіс.

5.10 **Бақылау жанармайлары,** олар MON, шекті бастапқы мәндер, төменгі ұшқындық пен жақсы ұзақмерзімді тұрақтылықтан тұратын ұшқынмен жанушы қозғалтқыштарға арналған типтік ішкі фирмалық жанармайлардан тұрады.

6 Аппаратура

6.1 Жинақтағы **тәжірибелік қозғалтқыш**, стандарттық картері бар бірцилиндрлі қозғалтқыштардан тұратын, CFR F-2 немесе УИТ-85М октандық санын анықтауға арналған құрылғы. Қысудың айнымалы дәрежесіндегі цилиндр және бекіткіш төлке, көйлекте айналатын сұйықтықпен салқындатудың термосифонды жүйесі, бір тесікті канал және карбюратор диффузоры арқылы жанармай беруге арналған селектордың көпжүрісті клапандарынан тұратын жүзбелі камералар қатарының жүйесі. Қоспа қыздырғышты қоспаларға арналған жібергіш құбырша, температура және ылғалдылықты реттеу жабдығы бар ауа қақпасына арналған жүйе, электр қалқаны, сонымен қатар сәйкес пайдаланылған шығынды шығарғыш құбыр.

Қозғалтқыш қуатты жұтатын арнайы электр мотормен таспалы беріліс арқылы байланысуы қажет, ол қозғалтқышты жіберуге арналған жетек және жану кезінде тұрақты жылдамдықта қуат жұтатын зат сияқты жұмыс атқарады. ASTM D 2700-01a стандартын қарау, А2 қосымшасы (техникалық шарттар және қозғалтқыштық жабдықтың сипаттамасы) осы стандартқа жауап беретін барлық сындарды, сындарлы емес және балама қозғалтқыштық жабдықтарға қатысты болып табылады.

6.2 **Бақылау-өлшеуіш құрал**, ол тұтану өзгерісінің электронды құралынан, тұтану құрылғысы мен жану кезіндегі тұтану қарқындылығын өлшеу және көрсетуге арналған детонометрден, сонымен қатар жалпы қабылданған термометр, манометр және әмбебап өлшеуіштерден тұрады. ASTM D 2700-01a стандартын қарау, А3 қосымшасы (техникалық шарттар және бақылау-өлшеуіш жабдықтың сипаттамасы) ағындық мәлімдердің жоқтығы

6.3 **Эталондық және стандартталған жанармайға арналған мөлшерлейтін жабдық**, ол бөліктелген өлшеуірлер мен сыйымдылығы 200 мл-ден 500 мл-ге дейін өлшеуіш ыдыс және ± 0,2 % көлемге максималды шақтамадан тұрады.

Бөліктеу ISO 4787 сәйкес тексерілу қажет. Өлшеуірлер айдаушы клапандар және айдаудың ұштығымен дәл мөлшерленген көлемдерді беру үшін жинақталады. Бұл ұштық

кесілген ұштықтың айдалуы 0,5 мл-ден аспайтын өлшемдер мен құрылымдарға ие болуы тиіс. Мөлшерлеуіш жүйенің айдау шамасы 400 мл/мин-тан жоғары болмауы тиіс.

6.4 **Тетраэтилқорғасынды мөлшерлеу жабдығы** (TEL), ол калибрленген өлшеуірден, тамшуырдан немесе сыйымдылығы 4,0 мл-ден аспайтын сұйықтық жіберетін басқа да құрылғыдан және 400 мл изооктан топтамасына сұйытылған TEL мөлшеріне сындарлы бақыланғыш шақтамадан тұрады. Бөліктеу ISO 4787 сәйкес тексерілу қажет.

Ескертпе ASTM D 2700-01a, X1 қосымшасы (Эталондық жанармайды араластырудың әдістемелері мен құрылғылары) осы стандартты қолдануға байланысты ақпаратты келтіреді.

6.5 **Техникалық қызмет көрсету мен жөндеуге арналған арнайы құрал**, ол қозғалтқыш пен сынау жабдықтарының ыңғайлы және тиімді қызмет көрсетуі мен оларды жөндеу үшін арналған арнайы жабдық пен өлшеу құралдарынан тұрады.

Ескертпе: Бұл жабдықтар мен құралдардың номенклатурасы мен сипаттамасын қозғалтқышты жабдықтарды дайындаушылар мен осы стандартқа сәйкес инженерлік және пайдалану көмек беретін кәсіпорындардан алуға болады.

Өлшеу құралдары мен сынау жабдықтары салыстырып тексерілген және аттестатталған, өлшеу бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген және Қазақстан Республикасы аумағында қолдану үшін рұқсат етілген болуы керек. Өнімге сынауды өткізген кезде басқа өлшеу құралдары мен сынау жабдықтамасын қолдануға, егер олардың метрологиялық және техникалық сипаттамалары берілген стандартпен қарастырылғандарға қарағанда төмен болмаса, қолдануға рұқсат етілген.

7 Сынамаларды іріктеу және оларды сынауға дайындау

7.1 Үлгілерді ISO 3170, ISO 3171 сәйкес іріктейді.

7.2 Үлгілерді контейнерде 2 °С-ден 10 °С температураға дейін салқындатады.

7.3 Жарықтың үлгілерге әсерінің аз болуын олардың қозғалтқыш карбюраторының жүзбелі камераларына құйылу алдындағы жанармайдың сипатын бұзатын жарыққа сезімталдығымен байланыстырады.

8 Қозғалтқыштар мен құралдардың негізгі келтірулері және пайдаланудың стандартты шарттары

8.1 Жабдық және қозғалтқыш құралдарын құрастыру.

Октандық санды анықтау үшін, қозғалтқышты MON-ды сынау нәтижелеріне өлшеуіш әсер етуі мүмкін газдар мен булар ықпалын тигізбейтін орынға орналастыру қажет (1-бөлімді қ.).

Жабдықтар мен құралдарды құрастыру қозғалтқышты сәйкес негізге құру мен барлық коммуналды қызметтерді қосуды талап етеді. Инженерлік және техникалық көмек берілген қызметті жүзеге асыру үшін талап етіледі, қолданушы барлық жергілікті және ұлттық заң шығарушы үкімдер мен құрастыруға қойылатын талаптарды қадағалау жөнінде жауапкершілік танытуы тиіс. Сынау қозғалтқышының дұрыс жұмыс жасауы қозғалтқыш құрамбірліктерінің қатарын жинау мен оның айнымалы шамаларының қатарын берілген талаптарға сәйкес реттеуді талап етеді. Бұл келтірулердің кейбіреулері бөлшектердің НҚ-да белгіленеді, басқалары қозғалтқышты жинау кезінде немесе капиталды жөндеуден кейін анықталады, үшіншілері – сынау жүргізілу кезінде операторме қадағалануы немесе орнатылуы тиіс қозғалтқыш жұмысына талаптар қажет етіледі.

8.2 Қозғалтқыш жылдамдығы

Номиналды сипаттамаларды анықтау кезінде, 9 айн/мин максималды ауытқумен бірге қозғалтқыш жану режимінде жұмыс жасағанда қозғалтқыш жылдамдығы 900 ± 9

айн/мин құрауы тиіс.

Жану кезіндегі қозғалтқыш жылдамдығы жұмыстың моторлы режимі кезіндегі жанбай тұрған қозғалтқыш жылдамдығынан 3 айн/мин-тан жоғары аспауы тиіс.

8.3 Клапандық таратудың фазаларын құру

Төрт тактілі циклды қозғалтқыш жанудың әрбір цикліне иінді біліктің екі айналымын қолданады. Екі сындарлы жағдай ретінде жоғарғы өлі нүктеге (t.d.c.) жақын белгіленетіндер аталады, яғни жібергіш клапанның ашылуы мен шығарғыш клапанның жабылуы. Жібергіш клапанның ашылуы (10,0 ± 2,5) ° кезінде t.d.c. кейін, 34 °-та жабылумен, төменгі өлі нүктеге (a.b.d.c.) жетуден кейін иінді білік пен сермердің бір айналымы кезінде болуы тиіс. Шығарғыш клапанның ашылуы 40°-та төменгі өлі нүктеге (b.b.d.c.) жетуге дейін иінді білік пен сермердің екінші айналымы кезінде, (15,0 ± 2,5) °-та жабылумен a.t.d.c. кезінде иінді білік пен сермердің келесі айналымы кезінде белгіленуі тиіс. ASTM D 2700-01a қарау, А4 қосымшасы (Аппаратты монтаждау мен түзеу бойынша нұсқаулар), осы стандартқа жауап беруі тиіс иінді біліктің синхрондау әдістемелеріне қатысты.

8.4 Клапанды көтеру

Жұдырықша шығыңқысының жиектері жіберу және шығару кезінде өзінің пішіні бойынша ерекшеленіп, негізгі шеңберден шығыңқының жоғарғы бөлігіне дейін 6,248 мм - 6,350 мм-ге (0,246 дюйм - 0,250 дюйм) дейін клапанның нәтиже беруші көтерушісі 6,045 ± 0,050 мм-ді (0,238 ± 0,002 дюйм) құрайтындай етіп көтерілуі тиіс. ASTM D 2700-01a қарау, А4 қосымшасы (Аппаратты құрастыру мен түзеу бойынша нұсқаулар), осы стандартқа жауап беруі тиіс клапан көтергішін өлшеу әдістемелеріне қатысты.

8.5 Жіберу клапанының қондырмасы 180° түсетін ауа - жанармайлық қоспаны бағыттайды, және оның турбуленттілігін жану камерасында ұлғайтады. Клапан соташығындағы өзек клапан бағыттауышындағы саңылаумен оның айналуын алдын-алу үшін байланысады. Клапан құрылымы цилиндрде өзек пен соташық орталығының клапанды күнқағардың жану камерасының жағу шамдары жағына бағытталатындай етіп орналастыруын талап етеді.

8.6 Қозғалтқыштың айналу бағыты

Егер иінді білікке қозғалтқыштың алдыңғы жағынан қарайтын болсақ, ол сағат тілінің бағыты бойынша айналады.

8.7 Карбюратор диффузоры

Карбюратор диффузорын 1-кестеге сәйкес таңдайды, ол кезде қозғалтқыштың құрастыру және пайдалану орнында басым болатын типтік барометрлік қысымды есепке алады. Егер биіктік диффузор өлшемінің өзгерістері болатын жерге жақындаса, (TSF) толуолы негізіндегі стандарттау үшін жанармай қоспасының MON бағасы үшін минималды жүйелік қателігін қамтамасыз ететін диффузор өлшемін таңдайды.

1-кесте — Зертханалық бағалау мен барометрлік қысымға арналған карбюратор диффузорының өлшемі

Қозғалтқыштың орналасу биіктігі м	Диффузор қылтасының өлшемі см (дюйм)	Барометрлік қысымның диапазоны кПа (сын.бағ.)
Теңіз деңгейінің үстінде 500-ге дейін	1,43 (9/16)	105,0-94,8(31,0-28,0)
500 -1 000	1,51 (19/32)	98,2-88,0(29,0-26,0)
1 000-нан жоғары	1,90 (3/4)	91,4 (27,0) және төмен

8.8 Клапандық саңылаулар

Қыздырылмаған қозғалтқышты пайдалану алдында саңылауды клапанның әрбір соташығы мен клапандық иінтірек жарты шарының арасына орнатады, олар қыздырылған күйдегі пайдаланған қозғалтқыш үшін бақылағыш саңылау беретін төменде келтірілген жуық өлшеулермен сәйкес келуі қажет:

— жіберуші клапан 0,102 мм (0,004 дюйм);

— шығарушы клапан 0,356 мм (0,014 дюйм).

Бұл саңылаулар екі клапанның да қозғалтқышты қыздыру кезінде оларды майлауға болатын жеткілікті саңылауға ие екеніне кепіл беруі қажет. Клапан итергіштерінің ұзындығы бойынша реттелген соташықтары клапан иінтіректерінің реттелуші бұрандалары соңғы саңылауды орнатуға мүмкіндік беретін барабар жүріске ие болатындай етіп орнатылуы тиіс. Жіберуші және шығарушы үшін қыздырылған қозғалтқыштағы саңылау (0,200 ± 0,025) мм (0,008 ± 0,001) дюймді құрауы тиіс, ол 90 MON біріншілік эталондық жанармаймен тепе-теңдік режимде жұмыс жасайтын қозғалтқыш үшін пайдаланудың стандарттық шарттарында өлшенген.

8.9 Май қысымы.

Май қысымы 172 кПа-дан 207 кПа-ға дейін болуы тиіс.

8.10 Май температурасы.

Май температурасы (57 ± 8) °С-ді құрауы тиіс.

8.11 Цилиндр қаптамасы үшін салқындатқыш сұйықтықтың температурасы.

Цилиндр көйлегі үшін салқындатқыш сұйықтықтың температурасы (100 ± 1,5) °С-ді құрауы тиіс, алайда, номиналды сипаттамаларды анықтау кезінде ± 0,5 °С-ден жоғары ұқсастырылмауы қажет.

8.12 Кіру алдындағы ауа температурасы.

Кіру алдындағы ауа температурасы (38,0 ± 2,8) °С-ді құрауы тиіс.

8.13 Соратын қоспаның температурасы.

Егер қоспа температурасын келтіру эксплуатацияға жарамдылығы ретінде (TSF) толуолы негізіндегі стандарттау үшін жанармайдың сәйкес қоспасының MON шамасы негізінде қолданылмайтын болса, температураны (149 ± 1) °С мәніне дейін орнатады. Қоспа температурасын орнату кезінде таңдалған температура 141 °С-ден 163°С-ге дейінгі аралықта болуы тиіс. Сонымен қатар, сәйкес TSF қоспасы үшін MON алуға таңдалған температура осы TSF қоспасы үшін қолданылған MON ауқымындағы барлық параметрлер үшін берілген пайдалану айналым кезінде қолданылуы тиіс. Кіру алдында кез-келген номиналды сипаттамадағы (реттеу кезінде немесе реттеусіз) қоспа температурасының өзгерісі 1 °С-ден жоғары болмауы тиіс.

8.14 Кіру алдындағы ауаның ылғалдылығы.

Ауадағы судың құрамы құрғақ ауаның бір килограмына 0,003 56 кг-нан 0,007 13 кг – ға дейін болуы тиіс.

8.15 Цилиндр көйлегі үшін салқындатқыш сұйықтықтың деңгейі.

Жұмыс жасаушы және қыздырылған қозғалтқыш үшін салқындағыш сұйықтықтың деңгейі конденсаторда «LEVEL HOT» белгісінің ± 10 мм шегінде болуы тиіс.

Ескертпе: Қыздырылмаған және пайдаланған қозғалтқышта өңделген салқындатқыш агент қыздыру режимінде жұмыс жасайтын қозғалтқыштың бақыланғыш деңгейін қамтамасыз етеді, ол цилиндр және конденсатор көйлегіне конденсатордың әлсіз бақыланатын қарау әйнегі түбінің деңгейіне дейін қосылған.

8.16 Қозғалтқыш картеріндегі майлайтын майдың деңгейі.

Қыздырылған күйде жұмыс жасаушы қозғалтқыш картеріндегі майдың бақыланғыш деңгейі шамамен картердің қарау әйнегінің орташа жағдайында болуы тиіс.

Ескертпе: Қыздырылмаған және пайдаланған қозғалтқышта картерге май деңгейі шамамен қарау әйнектің жоғарғы бөлігіне жақын болатындай етіп құйылған болса, берілген жағдайды қамтамасыз етеді.

8.17 Картердің ішкі қысымы.

Ішкі қысым 0-ден кіші (вакуум) және 25 мм-ден 150 мм-ге дейінгі аралықтағы

судың пульсацияны минимизациялау үшін демпфер тесігі арқылы картер ішіндегі тесікпен байланысқан құрылғы немесе манометрмен өлшенген атмосфералық қысымнан кем болуы тиіс. Вакуум 255 мм судан асып кетпеуі тиіс.

8.18 Пайдаланылған шығындардың қысымға қарсылығы.

Статикалық қысым, мүмкіндігінше, аз болуы тиіс, бірақ вакуумды құрмауы және пульсацияны азайту үшін демпфер тесігі арқылы теңестіргіш сұйыққойма немесе негізгі шығарғыш құбырмен байланысқан дөрекі өлшеуіш құрал немесе манометрмен өлшенген артық атмосфералық қысым үстінен 255 мм судан аспауы тиіс.

8.19 Картер сапуны мен пайдаланылған шығын жүйесінің резонансы

Картер сапуны және пайдаланылған шығын құбыр өткізгіштерінің жүйелері көлем және газдық резонанстың пайда болуын жойып отыратын тартылысты иемденуі тиіс.

Ескертпе ASTM D 2700-01a, X2 қосымшасы (Айнымалы шамалардағы жұмысшы әдіс-реттеулер) осы стандартты қолдану кезіндегі резонанстың болуын анықтайтын сәйкес әдістемені қарастырады.

8.20 Белбеуді тарту.

Сермерді қуатты жұту моторымен байланыстырушы белбеулер бастапқы өңдеуден соң қозғалтқыш тоқтағаннан кейін сермер мен мотор шкиві аралығының ортасындағы бір белбеуге ілінген 2,25 кг салмақ белбеуді шамамен 12,5 мм иетіндей етіп тартылуы тиіс.

8.21 Тербелуші тетік тірегінің тасушы элементінің негізгі құрылымы.

Әрбір тасушы элемент цилиндрге, оның шанышқысының төменгі жағы мен цилиндрдің жоғарғы бетінің арасындағы кеңістік 31 мм-ді (1 7/32 дюйм) құрайтындай етіп бұралуы тиіс.

8.22 Тербелуші тетік тірегінің негізгі құрылымы.

Шамамен 16 мм-ді (5/8 дюйма) құрайтын цилиндр мен бекіткіш төлке арасындағы кеңістікте тербелуші тетік тіректері көлденең жағдайда болуы тиіс.

8.23 Итергіш соташық ұзындығы мен тербелуші тетіктің негізгі құрылымдары.

Егер иінді білік пен сермер қысу тактысы кезінде t.d.c нүктесінде орналасып, тербелуші тетік тіректері жатқызылған түрде түзетілген болса, онда тербелуші тетіктің реттеуіш бұрандаларын жүрістің орташа жағдайына орнатады, және итергіш штоктарының ұзындығын олар көлденең орналасатындай етіп реттейді.

8.24 Жанудың негізгі құрылымдары.

Жану қосылады, қозғалтқыш жұмыс жасай бастайды. Уақыттың сандық индикаторы немесе жанудың бөлінген трензелі жатқызылған түрде калибрленген, ал жану таратуды бақылау механизмі жөнделген. Цилиндр биіктігін 264 (барометрлік қысымға компенсациясыз) сандық есептеуіш көрсеткіші бойынша немесе 0,825 дюйм циферблатты нұсқағыштың көрсеткіші бойынша реттейді, содан кейін жану таратқышын жану моментінің реттеуіші 26 ° b.t.d.c. құрайтындай етіп реттейді.

Ескертпе: Циферблатты нұсқағыш көрсеткішін СИ өлшеу жүйесіне аудару мақсат етілмейді.

8.25 Түрлендіргішті жану таратқышында ротор қалақшасының саңылауына қатысты негізгі құрылым.

Түрлендіргішті жану таратқышында ротор қалақшасының саңылауына қатысты негізгі құрылым 0,08 мм-ден 0,13 мм-ге дейін (0,003 дюйм – 0,005 дюйм) құрауы тиіс.

8.26 Жану таратқышын басқару тартылысының негізгі құрылымы.

Жануды басқару тартылысының ұзындығын жануды орнату үшін цилиндр биіктігінде басқару тартылысының осьтік сызығы көлденең жағдайда болатындай етіп реттейді. Жануды басқару тартылысын жану таратқышына қысып тұратын бұранда мен домалатпаны тартады, және жану таратқышын жану таратқышының кронштейніне қысып тұратын бұранда мен домалатпаны босатады. Мұндай орнатуларды қолданумен жану моментінің реттеуіші автоматты түрде қозғалтқыш цилиндрі биіктігінің өзгерістерімен (1) немесе (2) формулаларға сәйкес өзгереді:

S = 29,582-(0,0136 x C) (3)

S= 10,163+ (19,19 x/) (2)

Мұндағы,

S – жану моментінің реттеуіші, градуспен белгіленеді;

C – сандық есептеуіштің көрсеткіші;

N - циферблатты нұсқағыштың көрсеткіші.

8.27 Жандыру шамының саңылауы.

Жану ұшқынының саңылауы 0,51 мм ± 0,13 мм (0,020 ± 0,005) дюймді құруы тиіс.

8.28 Цилиндр биіктігінің негізгі құрылымы.

Тұтанудың типтік жағдайларында қозғалтқышты толығымен қызуын қамтамасыз ету үшін іске қосады. Қозғалтқышты сөндіреді. Жанудың толық сөнуін тексереді, және жанармайдың жану камерасына түсіп кетпеуін қадағалайды. Калибрлеген сығымдағышты манометрді цилиндрдің тұтану құрылғысының тесігіне орнатады. Жұмыстың моторлы режимі жағдайларында қозғалтқышты жібереді. Цилиндр биіктігін 1-суретте келтірілген ақпаратқа сәйкес валирленген барометрлік қысым мен таңдалған диффузор үшін қысудың базалық қысымын алу мақсатында реттейді. Цилиндр биіктігінің индикаторлы құрылғысын келесі түрде орнатады:

— сандық есептеуіштің көрсеткіші (барометрлік қысымға компенсациясыз) 930;

— 0,352 дюйм-ге циферблатты нұсқағыштың көрсеткіші.

Ескертпе: Циферблатты нұсқағыш көрсеткішін СИ өлшеу жүйесіне аудару мақсат етілмейді.

ASTM D 2700-01a қарау, А қосымшасы (Аппаратты жинау мен дұрыстау бойынша ережелер), осы стандартта қолданылған цилиндр биіктігін индекстеудің бөлшектік сипатталуына қатысты.

8.29 Жұмысшы қоспа компоненттерінің қатынасы

Барлық эталондық жанармайлар мен біріншілік эталондық жанармайларға қатысты жұмысшы қоспа құрамбірліктерінің қатынасы тұтанудың ең жоғары қарқындылығына реттелуі тиіс. Егер қарау әйнектер қоспада жанармай концентрациясының индикациясы ретінде қолданылатын болса, тұтанудың ең жоғары жағдайы қарау әйнектегі жанармай деңгейі 17,8 мм-ден (0,7 дюйм) 45,2 мм-ге (1,7 дюйм) дейін болған кезде белгіленеді, бұл жағдай карбюратордың көлденең жиектерін таңдауға тәуелді болып табылады.

8.30 Карбюратордың салқындауы

Егер қарау әйнектерде немесе мөлдір жанармай магистральдарда алдын-ала булану мен қайнау бақыланса, салқындатқыш сұйықтықты (5.2) жинақтағы карбюратор сұйықтығы үшін жылу алмастырғыштар арқылы өткізеді.

8.31 Тұтанудың қарқындылық құрылғысы көрсеткішінің шектері


Тұтанудың қарқындылық құрылғысының шекті ауқымы 20 бөлінуден 80 бөлінуге дейін құрауы тиіс, ол октандық санды анықтауда әсерін тигізуі мүмкін әлеуетті сызықтық емес сипаттамалардың алдын алу үшін қажет.

ASTM D 2700-01a. келтірілген.

8.32 Тұтану өлшеуішінің шашылуы мен тұрақты уақытының құрылымы

Тұтану өлшеуішінің шашылуы мен тұрақты уақытының құрылымын тұтанудың қарқындылық құрылғысы көрсеткіштерінің бірдей өлшемді тұрақтылығымен оңтайланады.

Тұтану құрылғысын дұрыстау үшін ASTM D 2700-01a, А4 қосымшасында (аппаратты жинау және құру бойынша ережелер) келтірілген әдістемені қолданады.



Белгіленуі

X1 Барометрлік қысым, мм-мен.

X2 Барометрлік қысым, мм-мен.

Y1 Қысу қысымы, квадрат дюйм-ге артық қысым.

Y2 Қысу қысымы, кПа.

1 1,90 см (3/4 дюйм) диффузор; 66,04см (26,00 дюйм) Hg негізі.

2 1,51 см (19/32 дюйм) диффузор; 71,12см (28,00 дюйм) Hg негізі.

3 1,43 см (9/16 дюйм) диффузор; 76,00см (29,92 дюйм) Hg негізі.

Ескертпе: Цилиндр биіктігінің негізгі құрылымы: сандық есептеуіш 930.

сандық нұсқағыш 0,352

Сурет 1 — Цилиндр биіктігін орнатуға арналған қысудың фактылы қысымы

9 Бөліктеу және қозғалтқыш жарамдылығын тексеру

9.1 Жалпы ережелер

Қозғалтқышты пайдалануға енгізу жұмыстың барлық құрылымдары мен режимдері тепе-теңдікте және қозғалтқыш пен құралдар негізгі техникалық мәліметтеріне сәйкес болатындай етіп жүзеге асырылуы қажет.

Ескертпе: Барлық сындарлы айнымалылар тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қозғалтқыштың қызуына әдетте 1 сағ қажет болады.

9.2 Қозғалтқыштың пайдалануға жарамдылығын анықтау

9.2.1 Қозғалтқыштың пайдалануға жарамдылығы MON-ның әрбір ауқымы үшін (TSF) толуолы негізіндегі қоспаның стандарттық жанармай - үлгісі көмегімен анықталуы тиіс, онда жанармай үлгілері келесі түрде бағалануы тиіс:

a) ең кемінде, жұмыс уақытының әрбір 12 сағ сайын бір рет;

b) қозғалтқыш 2 сағ-тан астам сөніп тұрған жағдайдан кейін;

c) қозғалтқыш тұтанбаған жағдайда 2 сағ-тан астам жұмыс жасаудан кейін;

d) барометрлік қысымның жанармай эталонының сипаттамалары үшін қолданылған қысымға қатысты 0,68 кПа-дан (0,2 дюйм) артық өзгерісінен кейін.

9.2.2 TSF қоспасын бағалау үшін топтастыру (bracketing) әдістемесі TSF қоспасының

қабылданған MON эталондық шамасы үшін тұтанудың стандартты қарқындылығының анықтамалық кестесіне сәйкес цилиндр биіктігін қолданумен жүргізілуі тиіс.

9.2.3 Тұтанудың стандартты қарқындылығы PRF қоспасын қолданумен анықталуы тиіс, онда MON шамасы TSF қоспасының қабылданған MON эталондық шамасына жақынырақ.

9.2.4 Карбюратордың салқындауы қолданылмауы тиіс.

9.3 79,8 MON - 94,5 MON ауқымында пайдалануға жарамдылық әдістемесі.

9.3.1 MON ауқымы (ауқымдары) үшін 2-кестеде келтірілген TSF қоспасын (қоспаларын) таңдайды, онда эталондық жанармайдың номиналды мәндері пайдалану кезеңінде жүргізіледі.

Кесте 2 —TSF қоспасының MON-ы, келтірілмеген номиналды шақтамалар және MON жанармай-үлгісін қолдану ауқымы

TSF калибр-ленген қоспасының MON-ы	Келтірілмеген номиналды шақтамалар	TSF қоспасының құрамы % (көлемі бойынша)			MON ауқымы үшін қоспа үлгілерін қолдану
		Толуол	Изооктан	Гептан	
81,5a	±0,3	74	0	26	79,6-83,5
85,2a	±0,3	74	5	21	83,2-87,15
88,7a	±0,3	74	10	16	86,8-90,8
92,6b	±0,4	74	15	11	90,5-94,7

[1] ASTM алмасу бойынша Ұлттық топпен 1986 ж. бөліктелген қоспалар. Қосымша ақпарат алу үшін төменге келтірілген вебсайттар бойынша жолығыңыз:

gost.e-ecolog.ru 2004/bradlev

mar04.html?L+mvstore+dhon637Q

httD://www.enerqvinstorq.uk/index.cfm?PaqelD=628

[2] TSD93 әлемдік бағдарлама бойынша бөліктелген қоспалар. Ақпарат алу үшін төмендегі вебсайттарға жолығыңыз:

gost.e-ecolog.ru S/MARCH 2004/bradlev

mar04.html?L+mvstore+dhon6370

gost.e-ecolog.ru

9.3.2 Түсетін қоспаның 149 °C стандарттық температурасын қолдана отырып, келтірілмеген TSF қоспасының MON шамасын анықтайды. Егер TSF қоспасының номиналды сипаттамасы 2-кестеде орнатылған келтірілмеген номиналды шақтама шектерінде болатын болса, қозғалтқыш пайдалануға жарамды ретінде жіктелуі тиіс, ал егер номинал TSF қоспасының қабылданған MON эталондық мәнінен 0,1 MON-ға асатын болса, түсетін қоспа температурасын келтіру қажет етілмейді.

Жарамдылыққа сынауды жүргізуді қолданысқа жаңа жұмыс кезеңі уақытында бастаған жөн, егер төмендегі екі шарт қанағаттандырылатын болса, онда шамамен алдыңғы жұмыс режимінде қолданылған түсетін қоспаның келтірілген температурасын қолдану қажет:

a) Қозғалтқыш стандарттауы соңғы жұмыс кезеңі жүрісінде пайдалануға жарамдылыққа соңғы сынау үшін түсетін қоспаның температурасын келтіруді талап етеді.

b) Техникалық қызмет көрсету мен жөндеу пайдалануға жарамдылықты сынау

аралығында жүргізілмейді.

9.3.3 TSF қоспасының параметрлері 2-кестеде орнатылған келтірілмеген MON шақтамасынан шығатын келтірілмеген қозғалтқышқа қатысты температураны 141 °С-ден төмен емес және 163 °С-ден жоғары емес түсетін қоспа температурасын қолдана отырып келтіруге болады. Егер TSF қоспасының номиналды сипаттамасы шекті эталондық MON мәнінің ±0,1 MON шегінде болатын болса, қозғалтқыш пайдалануға жарамды ретінде жіктелген болуы тиіс. Бұл жағдай осы TSF қоспасының қолданылған MON ауқымында жанармай үлгілері үшін қолданылмауы тиіс. Бұл TSF қоспасын жіктеуге қабілетсіздіктің себебін анықтап, оны жою қажет.

9.4 79,8 MON-нан төмен және 94,5 MON-нан жоғары пайдалануға жарамдылық әдістемесі.

9.4.1 MON ауқымы (ауқымдары) үшін 3-кестеде келтірілген TSF қоспасын (қоспаларын) таңдайды, онда эталондық жанармайдың номиналды мәндері пайдалану кезеңінде жүргізіледі.

Кесте 3 —TSF қоспасының MON-ы, номиналды шақтамалар және MON жанармай-үлгісін қолдану ауқымы

TSF калибр-ленген қоспасының MON-ы	Номиналды шақтама	TSF қоспасының құрамы % *(көлемі бойынша)*			MON ауқымы үшін жанармай эталонын қолдану
		Толуол	Изооктан	Гептан	
58,0	± 1,1	50	0	50	62,3 аз
66,9	± 1,1	58	0	42	62,2-71,0
74,8	±1,0	66	0	34	70,7-76,7
78,2	± 1,0	70	0	30	76,4-79,9
96,6	± 1,2	74	20	6	94,4 -98,4
99,8а	±0,9	74	24	2	98,1 -100,0
100,8	± 1,3	74	26	0	100,0 көп

1)Барлық қоспалар ASTM ауыстыру бойынша Ұлттық топпен және Мұнай институтымен 1988-89 жж. градуирленген. Қосымша ақпарат бойынша :
http:/Awww.astm.orq/cqi-bin/SoftCart.exe/SNEWS/MARCH 2004/bradlev mar04.html?L+mystore+dhon6370

gost.e-ecolog.ru

